

ӘОЖ 340.12

Л.О. Рустемова

Академиялық инновациялық университеті, магистрант, Қазақстан, Шымкент қ.

E-mail: lazzat7777@bk.ru

### Кәмелет жасына толмағандардың заңды жауапкершілігін құқықтық реттеу

Ғылыми жұмыстың мақсатына сәйкес кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың заңды жауапкершілігін іске асыру механизмі бойынша талдаулар жүргізілді. Зерттеу барысында анықталғандай, кәмелетке толмаған құқық бұзушыны қайта тәрбиелеу мақсатында, ең тиімді шара қолдану қажет. Осы қажеттілігін шешу үшін құқық бұзушының тұлғасын қалыптастырған негізгі криминогендік факторлар анықталды.

*Түйін сөздер:* кәмелетке толмаған, құқық бұзушылық, ювенальдық сот, заңды жауапкершілік.

Л.О. Рустемова

#### Правовое регулирование юридической ответственности несовершеннолетних

В статье рассматривается механизм реализации юридической ответственности несовершеннолетних правонарушителей. Большое внимание уделяется механизму правового регулирования противодействия социально-правовым отклонениям несовершеннолетних как важной части государственной политики. Из выделенных и обоснованных основных элементов механизма противодействия социально-правовым девиациям особо значение отводится юридической ответственности несовершеннолетних.

*Ключевые слова:* несовершеннолетние, правонарушение, ювенальный суд, юридическая ответственность.

L.O. Rustemova

#### Legal regulation of the legal responsibility of minors

In article the mechanism of realization of legal responsibility of minor offenders is considered. Much attention is paid to the mechanism of legal regulation of counteraction to social and legal deviations of minors as important part of a state policy. From the allocated and reasonable basic elements of the mechanism of counteraction to social and legal deviations the author allocates especially significant value for legal responsibility of minors.

*Key words:* not adults, offense, juvenile court, legal liability.

Біздің қоғамымыздағы өміріміздің мемлекеттік-құқықтық аясында реформалау жағдайында жас ұрпақты тәрбиелеу туралы сұрақтар, олардың өнегелі және денсаулығын қорғау мен нығайту бойынша тиімді шаралар қабылдау, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын детерминациялайтын әлеуметтік-жағымсыз құбылыстарға қарсы әрекеттер жүргізу ерекше назар аударатын тақырып болып табылууда.

Заманауи заң ғылымдарында кәмелетке толмаған тұлға, бір жағынан, лайықты өмір салтын қамтамасыз етуге және ата-ананың тәрбие беруде жіберілген кемшіліктерінің орнын толтыруға бағытталған мемлекеттік қамқор

ретінде, ал екінші жағынан, кейбір жағдайларда зиян келтіретін зардаптарға алып келетін әлеуметтік-құқықтық девиацияларға бейім субъект ретінде қарастырылады.

Кәмелетке толмағандар жеке тұлға саналып, құқық нормаларының талаптарына сәйкес/сәйкес емес көзқарасында әртүрлі бағаланатын, тәртіптік актілер жасауы мүмкін. Сонымен бірге бірқатар жағдайларда зиян келтіретін зардаптардың туындауына әкеп соғатын, жасалынатын қылықтың объективтік құқыққа қарсы қайшылық таныту мен субъект ретінде құқық бұзушы тек қана қабілетті субъект болуы мүмкін деп шамалайтын, құқыққа қарсы әрекеттің құрамы араларындағы коллизия туын-

дайды. Құқық бұзушы субъект пен құқық бұзған заңды жауапты субъект түсініктерін ажыратқан жағдайда ғана осы коллизиядан босату мүмкін болады. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушы субъект ретінде бола алады, бірақ оны жасағаны үшін заңды жауапкершілікке (қажетті жасына толмауына байланысты) тартылмауы мүмкін.

Кәмелетке толмаған өз бетімен құқықтық қарым-қатынас субъектісі болып табылмайды және құқықтық нормада ескерілген заңды санкцияға толық көлемде ұшырамайды. Бірақ іс-әрекеттерге қабілетсіздігі немесе жартылай қабілетсіздігі кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын ақтамайды. Осындай жағдайда объективтік қарама-қайшылық туындайды: бір жағынан, құқық бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктен бұлтартпастық қағидатын қамтамасыз ету қажет, екінші жағынан, кәмелетке толмағандардың психофизиологиялық және өнегелі-эмоциялық жетілу ерекшеліктері, нақтырақ айтқанда, құқықтық мәдениетінің деңгейі аса жоғары еместігімен сипатталатын әлеуметтенудің аяқталмағандығы, экономикалық тәуелділігі, өмірлік тәжірибенің жетіспеуі өмірде кездесетін даулы мәселелерді өркениетті жолмен шешуге, әлемнің шынайылығына табысты бейімделуге қабілеттілігін төмендетеді, осының барлығы кәмелетке толмағандарды құқық қарым-қатынастығындағы толық құқықты, дербес субъект ретінде айтуға мүмкіндік бермейді.

Кәмелетке толмаған маргиналдар мен девианттармен ең тиімді жұмыс істеу үшін ювенальдық әділеттің біртұтас ұйымдастырушылық оқшауланған жүйесін қалыптастыру керек, оның құрылымындағы орта буыны, әрине, ювенальдық сот болуы тиіс. Аталған мәселені шешу, кәмелетке толмағандардың әсерлі құқықтық қорғау институты және жастар ортасында қылмыспен күресу құралы ретінде пәнаралық көзқарас шеңберінде ювенальдық әділет моделін құруды зерттеушілерден талап етеді.

Кәмелетке толмағандардың әлеуметтік-құқықтық ауытқуларына қарсы әрекеттер жүргізу – мемлекет саясатының негізгі бөлігі болып саналады. Осы саладағы құқықтық реттеудің механизмі әлеуметтік-құқықтық ауытқуларымен күресудің іс-жүзіндегі тапсырмаларын шешуге бағытталуы және осы саладағы ғылымның жетістіктеріне сүйенуі керек; құқық

қорғау органдарының, басқа да мемлекеттік органдары мен қоғамның іс-әрекеттерін ағымдағы кезде ғана емес, сонымен бірге жуырдағы келешекте де және алдағы болашақта да жоспарлауды қосу керек; әртүрлі әлеуметтік-құқықтық ауытқуларды қолдайтын, қоғамда орын алатын нақты қарама-қайшылықтар мен процестерді ескеру керек; тұтас және нақты түрлері бойынша әлеуметтік-құқықтық девиациялармен күресуді анықтау керек; әлеуметтік-құқықтық ауытқулармен күресудің максаттарын, құралдарын және әдістерін тұжырымдауымен қатар девиацияның алдын-алу мен онымен күресуге бағытталған барлық іс-әрекеттерді қайта құру мен үдетудің ұйымдастырушылық және басқа да шараларын ескеру керек; ұдайы кемелденуі және серпінді болуы тиіс; әлеуметтік-құқықтық девиацияларға қарсы әрекеттердің жаңа мүмкіндіктерін ізденуі керек [1].

Нормативтік түрде белгіленген субъективтік құқықтардың талаптарын іске асыруға бағытталған, адамның құқыққа қарсы әрекеттерін тежегіш және құқық орындаушылық тәрбиесін ынталандыратын фактор ретінде индивидтің тәрбиесін уәждемелеу процесіне заңды жауапкершілік елеулі әсер етеді. Әлеуметтік-құқықтық девиацияларға қарсы механизмнің барлық элементтерінен заңды жауапкершіліктің орны маңызды әрі басымды болып саналады.

С.С. Алексеев заңды жауапкершілік сақтаушы құқық қарым-қатынастың бірден-бір элементі болып саналатындығын ерекше атап өтіп, себебі бұл «адамның дербес, ұйымдастырушылық немесе мүліктік тәртіптен айыру формасы ретінде құқық бұзғаны үшін мемлекеттік-мәжбүрлемелі шараға төзу міндеті» деп көрсетті [2]. Осы анықтамада заңды жауапкершіліктің өзгеше белгілері байқалады, мұнда мемлекеттік-мәжбүрлемелі әсер ету шараларға төзу міндетінде жауапкершілік бар екендігі сипатталып, жауапкершіліктің негізі құқық бұзушылық болып саналады және жауапкершілік әрқашан да әртүрлі теріс салдарларымен байланысты болады.

Сонымен бірге әлеуметтік-құқықтық девиацияларға қарсы әрекеттер механизмінің негізгі бағыттары, формалары және әдістері ауытқулардың түрі және қарқындылығымен қатар, ең алдымен, қоғамның әлеуметтік табиғатына, онда билік етуші саяси, өнегелі, құқықтық көзқарастарға, мәдениет деңгейіне,

техникалық және экономикалық мүмкіндіктерге байланысты болады. Кәмелетке толмаған девиацияларға қарсы әрекеттерге бұқаралық ақпарат құралдары мен насихат жұмыстары, құқық қорғау органдары, тәрбие мекемелері және т.б. көзделген.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушыны қайта тәрбиелеу мақсатында ең тиімді шара қолдану қажеттілігін шешу үшін заңгерлер, психологтар, дәрігерлер, жастар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қылмыскердің тұлғасын қалыптастырған негізгі криминогендік факторларды анықтауға, тұлғаның әлеуметтік-психологиялық кейіпін құрастыруға, тест, сауалнама, сұхбат, жеке әңгімелесу нәтижелерін тестілеуге және интерпретациялауға мүмкіндіктері бар.

Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық заңнаманы талдау гуманизм қағидаттарына қайта оралу туралы айтуға мүмкіндік береді. XX ғасырдағы халықаралық құқық бала құқығын қорғау саласына келесідей актілерде ерекше көңіл бөлген, олар: 1959 ж. Бала құқығының декларациясы, 1960 ж. Білім беру саласында дискриминациямен күресу туралы конвенция, 1974 ж. Төтенше жағдайлар мен қарулы қақтығыстар кезінде әйелдер мен балаларды қорғау туралы декларация, 1985 ж. Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігінің ережесі, 1990 ж. Бала құқығы туралы конвенция және т.б.

«Балалардың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңында «балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық

пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді» делінген [3]. Осыған сәйкес Елбасымыз баланың дұрыс тәрбиеленуіне, елімізге, қоғамымызға елжанды азамат өсіруге негізгі қағидаттар анықтаған.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды түзетудің тапсырмаларын шешу барысында тәрбиелікті алдын-алу мақсаттарына әңгімелесу, істеген ісін бағалау, мүмкін болған салдарды модельдеу және т.б. әдістер арқылы жетуге болады. Кәмелетке толмаған айыпталушының тұлғасы туралы ақпарат алудың ең тараған әдістері ретінде байқау әдісін талдау арқылы күнделікті тұрмыстағы және психологиялық байқау тәсілдерінің үйлесу мүмкіндігін ерекше атап өту керек.

Сонымен, республикамыздағы ювенальдық әділеттілікті құрудың заманауи көзқарасында, кәмелетке толмағандарға арналған сот төрелігін жетілдіру келешегін анықтайтын конструктивтік элементтері болуы тиіс. Кәмелетке толмаған құқық бұзушыға жасаған қылықтары үшін жауапкершілікті сезінуге көмектесе отырып, оларға қатысты сот төрелігі тәртібін өзгерту процесін ынталандыратын шараларға негізделуі және басқалар оны қалай сезінетіндігін түсінуі керек. Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі кәмелетке толмағандарды қоғамнан шеттетпей, оларды әлеуметтік интеграциялануына ықпал етіп, ресми сот ісін және мүмкіндігінше бостандығын айыру сияқты қатаң жазаларды қолдануды болдырмауға мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер

- 1 Социальные отклонения. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрид.лит., 1989. – 227 с.
- 2 Алексеев С. С. Общая теория социалистического права. – М., С. 190.
- 3 «Балалардың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – № 345 Заң, 2002 жыл 8 тамыз.

#### References

- 1 Social deviance. 2nd ed., Rev. and add. – M.: Yurid.lit., 1989. – 227 With.
- 2 Alekseev SS General theory of socialist law. Pp. 190.
- 3 "Balalarduң құқыqtary turaly" Kazakhstan Respublikasynuң Zaңy. Number 345 Zaңy zhyl 8 august 2002.